

- расширить подготовку социальных педагогов со специализацией «Семейный педагог».
- следует усилить внимание теоретической и практической подготовке будущих педагогов к взаимодействию с семьей, включению родителей в педагогический процесс. Для этой цели желательно введение на всех факультетах педвузов учебной дисциплины «Семейная педагогика» и педагогической практики «Семейное воспитание»;

- практиковать краткосрочные курсы для работников дошкольных учреждений, учителей школ и педагогов высшей школы по проблемам семейного воспитания;

КазНПУ им. Абая должен возглавить работу совместно с другими образовательными учреждениями страны по научно-методическому обеспечению:

- содержательных психолого-педагогических, технологических, методических компонентов программы:

- психологического обеспечения повышения родительской культуры;

- улучшения психического здоровья детей;

- оптимизации внутрисемейного воспитательного процесса;

- создания авторских программ для педагогического образования родителей,

- проведения семинаров, тренингов для родителей и педагогов;

Для поднятия престижа семьи в модернизации системы образования в Казахстане необходимо открыть при КазНПУ им. Абая Научно-Исследовательский Институт семейного воспитания, целью которого будет фундаментальное и прикладное исследование проблемы семейного воспитания в Казахстане.

#### Түйін

Бұл мақалада білім берудің ұлттық жүйесін модернизациялауда отбасының орны мен рөлі көрсетілген.

#### Summary

The article is opened the place and the role of family in a national modernization of education system.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Г.Р. Қоянбаева-**

*ф.ғ.к., аға оқытушы*

Бүгінгі таңда білім беру саласының басты міндеттерінің бірі - келешек ұрпақтың дүниетанымын дұрыс қалыптастыру және оны дамыту. Әрбір жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру – ұзақ әрі күрделі үрдіс.

Жеке тұлғаның дүниетанымы, кең көлемде алғанда, әлеуметтік ортамен иманды-адамгершілік қарым-қатынаста болумен, оның салт-сананы, бағыт-бағдарды сыртқы ықпалдар әсерімен қабылдап, ішкі жан дүниесінен өткізіп, өзінің өмірлік іс-әрекетіне, қызметіне берік ұстаным етуімен қатар, ынта жігерін болашаққа негіздеп, өз іс-әрекетін басқара білуге дағдыландырады.

Жеке тұлғаның ішкі жан дүниесінің қалыптасуына да қоғамның рухани-мәдениетінің даму деңгейі мен салт санасы ықпал етеді. Жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастырудағы ауқымды орын алатын компоненттердің бірі – дүниетаным.

Дүниетаным арқылы жеке тұлға бойында дүние жөнінде көзқарас қалыптасып орнығады. Ол жеке адамдардың, топтасқан адамдар бірлігінің өмірге деген бірыңғай ой-пікірлер, көзқарастар жиынтығын құрайды. Философиялық сөздікте дүниеге көзқарас деген ұғымға былайша анықтама берген: “Жеке адамның, әлеуметтік топтың немесе тұтас қоғам қызметінің бағытын және шындыққа деген қатынасын айқындайтын принциптердің, көзқарастардың, мақсат-мұраттарымен сенімдерінің жүйесі..” Дүниеге көзқарас қоғамдық сананың барлық формаларына қатысты элементтерден тұрады. Онда философия ғылымы, саяси, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар үлкен роль атқарады. Ғылыми білімдер дүниеге көзқарас жүйесі арқылы ене отырып, адамның немесе бүкіл топтың қоршаған әлеуметтік және табиғат шындықтарын бағдарлау мақсаттарында қызмет етеді. Сонымен қатар, ғылым адамды әртүрлі нанымдар мен адасулардан құтқарып, оның шындық болмысты ақыл-ойы арқылы

тануына жағдай жасайды. Адамгершілік принциптері мен нормалары адамдар арасындағы қарым-қатынастар мен олардың мінез-құлықтарын реттей отырып, эстетикалық көзқарастармен қатар, қоршаған ортаға қызмет түрлеріне, оның мақсаттары мен нәтижелеріне деген мүдделерін анықтайды. Жеке адамның дүниеге көзқарасында оның жеке басының өмір тәжірибесінің ерекшеліктері бейнеленбей қоймайды.

Дүниетанымның ең негізгі ұғымы – дүние. “Дүние” – араб сөзі. Ол көптеген ұғымды білдіреді, ең негізгісі – дүние өмір, тіршілік ретінде түсіндірілсе, енді бірде дүние ұғымын - қоршаған орта, табиғат, әлем ретінде қарастыруға тура келеді. Қоршаған дүние туралы көзқарастың қалыптасуы – танымға байланысты. “Таным” – философиялық ұғым, “ол – айналадағы материалдық шындықтың адам санасында бейнеленуі. Таным - әр қырынан алып қарауға болатын күрделі ұғым. Оның кең және тар мағынадағы түсініктері бар. Таным әрекеті қажеттілік арқылы жүзеге асады. Дені сау адамда таным қажеттілігі бар, өзінің өмірлік және рухани қажеттілігін өтеу үшін жеткіншек дүниені танып білгісі келеді. Сезім мүшелеріміз арқылы көру, сезіну, түйсіну нәтижесінде біз қоршаған дүние заттарының мәнін танып білеміз, сезім мүшелері арқылы қабылданған дүние туралы мәліметтерді ғылым жетістігімен байланыстырғанда ғана білім молығып қалыптасады.

Дүниетанымды зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негізі- дидактикалық заңдылықтар, сол ілімге сүйене отырып, ұлттық дүниетанымды зерттеуде адам, табиғат және қоғам тұтастығына негізделген диалектикалық, объективті дүниені танудың ғылыми заңдылықтарын басшылыққа алады. Диалектикалық философияның зерттеудегі негізгі әдіснамасының бірі – оны жүйе түрінде қарастыру. Жүйе дегеніміз - өзара байланысты компоненттер тұтастығы. Диалектикалық ілімді құрайтын компоненттер түрлерін тұтас жүйе ретінде зерттеу арқылы, олардың әрқайсысының қызметі мен ерекшеліктерінің ұлттық дүниетанымның қалыптасуына тигізетін ықпалын анықтап білеміз. Дүниеге көзқарас, оның шығу тегі мен адамның дүниедегі орнын анықтау, адам мен дүние арақатынасының сырын ашу, табиғат пен қоғамның негізгі заңдылықтарын танып-білу философиялық дүниетанымның негізгі мәселелері, ал дүниеге философиялық көзқарас дүниетанымның ең жоғарғы сатысы. Диалектикалық ілімнің негізін қалаушылар дүниетанымды қалыптастырудың объективті алғы шарттарын зерттеп, адамзат қоғамында жана, жан-жақты дамыған және шығармашылық жағынан белсенді адамды қалыптастыру тәсілдері мен бағыттарын анықтай отырып, адам баласы бойында сезім мен ойлау мәдениетін, бір-бірімен қарым-қатынас жасау мәдениетін дамытудың маңызына ерекше назар аударады.

Көптеген философтар В.В.Журавлев, А.Н.Леонтьев, В.А.Медведев, Г.Л.Смирнов, А.Г.Спиркин, В.П.Тугаринов, П.Н.Федосеев, Ә.Нысанбаев, Ж.Әбділдин, Д.Кішібеков, М.Орынбеков және т.б. дүниетаным құрылымын, ең алдымен, оның негізгі нысаны-қоғамдық сананы саралау тұрғысынан қарастырады. Олардың еңбектеріндегі сананың шығу тегі мен дамуы тұрғысынан баяндалған теориялық қағидалар мен оның жеке адамның дүниетанымын қалыптастырудағы құрылымы дүниетаным мәселесі саласында маңызды орын алады. Сонымен қатар, соңғы жылдары ерекше рухани біліктілік ретіндегі дүниетанымға қатысты нәрсенің бәрін зерттеп білуге деген ынта-ықылас артып отыр.

Дүниетаным гнесологиялық тұрғыда қоршаған ортаның адам санасында бейнеленуі тұрғысында пайымдалады, сол себепті ол танымның ерекше нысаны (В.И.Иванов, В.Копнин, Г.Ф.Платонов, П.Н.Федосеев) іспеттес. Алайда, дүниетанымның таным мен гнесологиялық жағынан табиғаты ортақ болғанымен, ол білім жүйесіне (И.П.Смагин, А.Г.Спиркин, В.Ф.Черноворенко, В.П.Шинкарук) қосылмайды.

Тіршілік жағдайының іс-әрекет және қарым-қатынас процесіндегі ықпалы нәтижесінде адамның өмірге тұрақты көзқарасы, мақсаты, негізгі өмірлік принциптері, дүниеге деген бағыт-бағдарымен амал-тәсілдері қалыптасады. Жеке адамды қоғамдағы жалпының жекемен бірлігі ретінде қарастыра отырып, философтар жеке адамның бойынан жалпылық сипаттардың көрінуі барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы арқылы анықталатынын атап көрсетеді. Мұның өзі адамның өмірлік іс-әрекетінің шынайы көрінісі болып табылады. Сондықтан, дүниетаным тек субъект-объективті ғана емес, субъект-субъективті қарым-қатынастардың, яғни “адам-дүние” қатынасының ғана емес, адам мен адам көзқарасының да көрінісі. Сондай-ақ, ол жеке тұлғаның белсенділігімен қатар, оның іс-әрекетінің бағыт-бағдарын (В.П.Иванов, В.И.Шинкарук, В.Ф.Черноволенко) да білдіреді. Басқаша айтқанда, “... дүниеге көзқарасты қайдағы бір сыртқы күштен іздемей, ғылыми білімдер арқылы түсіндіруге болады”.

Философиялық әдебиеттерге жасаған талдау дүниені сезіну, дүниені қабылдау, дүниені ұғыну, дүниені саралау сияқты дүниетанымды тұтас бейнелеудің нысандарын тағы бір қырынан көрсетіп береді. Аталған ұғымдар арасындағы айырмашылық белгілі бір субъектінің дүниені бейнелеу деңгейін ұғыну ерекшелігінде жатыр. Сонымен қатар, дүниені сезіну, дүниені қабылдау деңгейінде дүниені көріп білу сана құрылымдары арқылы анықталады. Олар дүние құбылыстарын “елеп-екшелеп” адам үшін мәні барларын ғана санаға өткізеді. Сөйтіп, адамның ақыл-ойы, ынта-жігері, тілегі түптеп келгенде арман-мұраты көрініс тапқан нақты бір құбылыстың бейнесін қалыптастырады. Бұл тұрғыдан қарастыру философтарға дүниетанымды жеке бастың (индивидтің) қоршаған дүниеге деген көзқарастарын, эмоциялық-сезімдерін, сондай-ақ, теориялық қабылдау тәсілдерін бейнелеп, басқа да құрылымдарды біріктіруші ядро деп (В.С.Овчинников, Т.И.Ойзерман, А.Т.Спиркин, М.Орынбеков, Ж.Әбділдин, Қ.Бейсенов, т.б.) қабылдауға мүмкіндік туғызады.

Сонымен философтардың дүниетаным туралы айтқан ой-пікірлеріне сүйене отырып, дүниетаным сыртқы дүниенің адам санасындағы жай ғана көрінісі демей, тұлғаның дүниеге қарым-қатынасы деп қорытындылауға тура келеді. Бұл қарым-қатынас тек білім түрінде емес, наным, идея, құндылық, адамның ынта-талабы, іс-әрекетінің танымдық және тәжірибелік принциптері нысанында да көрініс береді. Бұл – адамның қоғамдық сана-сезімінің көрінісі. Сол арқылы адамның дүниемен қарым-қатынасының бағалы аспектісі қалыптасады. Дүниетаным адам сана-сезімінің құбылысы ретінде оның қызметі мен дамып-өрістеуіне тәуелді болады. Адамның әрбір физиологиялық даму кезеңіне байланысты таным шеңбері мен оның мазмұны кеңейіп, тереңдей түседі. Әр кезеңнің психологиялық ерекшелігіне байланысты таным мүмкіндігі де өзгереді. Таным арқылы заттар мен құбылыстардың басты белгілерін бейнелі түрде қабылдау нәтижесінде ұғым қалыптасады. “Ұғым дегеніміз – заттар мен құбылыстардың ең жалпы қасиеттерін бейнелейтін ой кешудің негізгі түрлерінің бірі. Ұғымдар жүйесінің қалыптасып, дамуы ой кешудің сезімдік-деректік нұсқасынан арылу барысында жүзеге асады. Себебі, заттар мен құбылыстардың өзара қатынастарын, байланыстары мен жалпы қасиеттерін көзбен көріп, қолмен ұстауға болғандықтан тек ақыл қуатымен тұшыну, пайымдау арқылы ғана танып білуге болады”.

Ғалым М.Орынбеков айтқандай: “Нақты бірлестіктің қызметіне араласқан индивидтердің өздерінің өмір сүру әрекеттерінің мәні, нысаналы мақсаттары, мінез-құлықтарының бағдарлары мен өлшемдері болады” – деген пікірі жоғары айтқан ойымызды нақтылайды. Әр адамның айналасын қоршаған дүние жайлы ұғым-түсініктерінің жоғарғы сапасы-сенім, жеке тұлғалардың алдында тұрған мұрат, мақсаттарының дұрыс-бұрыстығы да сенім деңгейлеріне байланысты, оларды іс-жүзіне асыру ауқымы да әр жеке адамның қабілет-бейімділік көлемімен сипатталады. Өйткені, дүниетаным ақиқатты рухани практикалық тұрғыдан игеру жүйесі. Соның ішінде білім мен сенім жиынтығы адамдардың адамгершілік мұраттары мен әлеуметтік мінез-құлық реттегіштері, саяси бағдарлар, қоршаған ортаға деген психологиялық және эстетикалық көзқарас, дүниені түсіну және дүниені өзгерту дүниетаным түсінігінен қуат алады. “Дүниетаным жеке адам және оның қоғамдағы орны, сана-сезімдік қалпы жайлы ұғымдарының жиынтығы, дүниенің біртұтастығын түсіну нәтижесі болып табылады” – деп жазады. Шындығында, дүниетанымның басты категориясы ретінде, “дүние” мен “адам” алынады, өйткені, әлемді танушы адам. Дүниетанымды зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негізі-диалектикалық философия. Дүниеге философиялық көзқарас – дүниетанымның ең жоғарғы сатысы. Сол ілімге сүйене отырып, ұлттық дүниетанымды зерттеуде табиғат, адам және қоғам тұтастығына негізделген диалектикалық, объективті дүниені танудың, ғылым мен білім дамуының және тәрбие заңдылықтарын басшылыққа алдық.

Философ-ғалымдар І.Ерғалиев пен Ғ.Телібаев өз еңбектерінде ұлттық дүниетаным туралы: “... Адамның дүниемен байланысы, оны тануы белгілі ұлттық жағдайда қалыптасқандықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады” – дей келе, ежелгі қазақ дүниетанымның түрлеріне астрономиялық болжамдар мен тыйым сөздер, мақал-мәтелдер, жырлар, дастандар, аңыздар, ертегілер, термелер, жоқтауларды жатқызады.

Басқа да көптеген ғалымдар тәрізді біз де дүниетаным сананың жеке, құрамдас бөлігі емес, оның негізгі ядросы, бастауы деп санаймыз. “Дүниетаным сананың ядросы болып табылады, ол қоршаған орта құбылыстарын қабылдауымызға көмектесетін призма тәрізді” – деп Ө.Нысанбаев атап көрсетеді.

Соңғы кездері қазақ дүниетанымның қалыптасу кезеңдері жайында көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Олардың қатарында Ж.Алтаев, С.Ақтаев, А.Қасабеков, М.Орынбеков, Т.Ғабитов, О.Сегізбаев, Ж.Молдабеков және т.б. атауға болады.

Біз қарастырған ғылыми әдебиеттердің дерегі бойынша Республикамыздың өз егемендігін алғаннан бергі кезеңде ұлттық дүниетаным ұғымына жете көңіл бөлінгенін көреміз. Бұл еңбектерде адамзат баласының ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымдық көзқарасын жинақтап, қорытындылаушы бірден-бір ғылым ретіндегі тарихи принциптерге сәйкес, ғылыми деректерге негізделген дүниетаным ғана қарастырылады. Сонымен қатар, кез келген дамудың жалпы заңдылықтары туралы түсінік беретін басты, байланыстырушы желі ретінде авторлардың дүниетанымдық көзқарасының объективтілігі ғылыми, таным-тәсілі диалектикалық тұрғыдан және бағыты мен түпкі мақсаты ұлттық деп саралап, сараптайды. Ұлттық жан-жүйесі жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастыру бағдарламасын ұсына отырып, қазақ философтары қоршаған ортаны тану адамның эмоционалдық көңіл күйі, сезімімен, оның іс-қызметі және тәжірибесімен бірлікте жүзеге асыратынын дәлелдеді. Жеке адам дүниетанымының негізі болып табылатын және жүйелі білім алу нәтижесінде қол жеткізілетін ғылыми білімді игеру ұлттық дүниетанымды қалыптастырудың маңызды жолы екені белгілі. Дүниенің материалдығы туралы ғылыми білімді меңгеру адамға табиғат құбылыстарының түпкі-төркініне үңілуге, олардың даму заңдылықтарын танып-білуге мүмкіндік береді.

Сонымен, дүниеге көзқарас – бұл адамның әлемге деген тұтастықтағы көзқарасының жинақталған жүйесі, әлемдегі жекелеген құбылыстардың орнына, өзінің өзіндік орнына, түсінік пен бағаның адам түсінігіндегі іс-әрекеті мен тағдыры; ғылымдық, діни, эстетикалық идеяларға адамның көз жеткізуімен сипатталады.

1. Жарықбаев Қ. Психология. - Алматы, 1993.
2. Кішібеков Д. Философия. - Алматы, 1991.
3. Қоянбаев Р.М., Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. - Алматы, 2002.

#### Резюме

В данной статье рассматривается вопрос формирования мировоззрения учащихся. В своей работе автор приводит в качестве примера работы известных казахстанских философов.

#### Summary

In this article are looked through the problems of importance of pupils sight and the way developing.

ӘОЖ 373

### МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.О. Қозыбаев -

*Бастапқы әскери дайындық теориясы мен әдістемесінің оқытушысы*

Қазіргі кезде мектеп оқушыларына қоғамның да, мектеп ұжымының да олардың жеке басына, шығармашылық мүмкіндіктеріне, өздігінен орындайтын іс-әрекеттеріне барынша жоғары әрі қатаң талап қоюшылық басым алуда. Осыған орай мектеп оқушыларының әлеуметтік тұрғыдан жетілуіне, кемеліне келуіне мән берілумен қатар, ең күрделі проблема оларды біртұтас жеке тұлға етіп қалыптастыруда адамды – адамдандыру, адамдық құндылықтарға бағдарлау болып саналады беп есептейміз.

Жалпы білім беретін орта мектепте оқушыларға адамгершілік қағидаларын, көзқарастарын, сенімдерін тұрақтандыруда, оларды адамгершілік сана-сезімін қалыптастыруда мектеп өмірі процесіндегі әлеуметтік, еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибелерін молайтуға мән берілуі қажет. Оқушылардың іс-әрекеттерін түрлендіріп, қарым-қатынас саласын кеңейтіп, тәрбиелік мақсатта әр түрлі жағдаяттарды туғызып, мәдени-этикалық, адамгершілікті мінез-құлық, қасиет-сапалар, оларды меңгеру өздерінің іштей қажеттіліктеріне айналуы, оқушы өзін мәдени мұраны, тарихты, әдебиетті, тілді, өз елінің, ұлтының құндылықтарын халқына насихаттаушы, өмір ақиқатына жеткізуші болғанын зор мәртебе деп сезінуі өте маңызды.

Мектеп оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдениет жағдайында өмірге дайындау қазіргі қоғамның нарық қатынастарына бейім, бәсекелік қабілеттері мен өмірлік құндылықтарды бағалауда адамдық